



Автор: Туребекова Молдир Жантаевна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Сақтар

Тақырып: Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
Сабақтың мақсаты:	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология Тайпа, тайпалық бірлестік, абыздар, жауынгерлер, егіншілер мен малшылар Мемлекет, көсем, патша, әскери демократия, археология, оба, қорған, ескерткіш ат әбзелдері
Бағалау критерийлері:	Білу және түсіну дағдысы: тұрақ, оба, қорған, қорым, тайпа, сақтар ұғымының мағыналарының кемінде 4-уін біледі; Қолдану дағдысы: Берел қорымның кем дегенде үш ерекшелігін анықтайды Сыни ойлау мен талдау дағдысы: Ой ұшқырлығы, логикалық ойлау, күнделікті өмірде өз білімдерін қолдану. Сөйлеу дағдысы: Оқушылар ақпарат алмасады, диалог құрайды.
Құндылықтарды дарыту:	Туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған. Оқушылармызға тарихи жәдігерлерді таныстырып ұлттық танымы мол ұрпақ қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сабақ кезінде оқушыларға бейнеролик, презентация көрсетіледі.
Пәнаралық байланыс:	Сабақ кезінде оқушыларға дүниежүзі тарихы, география пәндерімен байланыс орнатылады.
Бастапқы білім:	Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Оқушылармен сәлемдесу «Миға шабуыл» Бейне роликті көрсету арқылы сабақ тақырыбын анықтау. Сұрақ: 1. Бейне көрсетілімде не туралы айтылды? 2. Сіздер бұл бейне көрсетілім бойынша не айталасыздар? 3. Бүгінгі сабақта не туралы айтамыз деп ойлайсыздар? Оқушылардың ойларын тыңдағаннан кейін сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары айтылады.	https://www.youtube.com/watch?v=Ovd6VUdmRhY 1-слайд 2-слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	Оқушыларды топқа бөлу. 1.Зергерлер 2.Зерттеушілер Мағынаны тану кезеңі Бейне ролик көрсету. Оқушылар бейнероликті көріп болғаннан кейін топпен жұмыс жасайды. Әр топқа тапсырмалар беріледі. 1-Зергерлер тобы. қорымнан табылған заттардың тізімін жасайды; 2- Зерттеушілер тобы. Жалпы қорымның кем дегенде үш ерекшелігін анықтайды. Әр топ өздерінің жауаптарымен алмасады. Топтар бірін-бірі бағалайды. Оқушылар бағдаршам арқылы бағалайды. Берел қорғаныб.д.д. Y-IV ғ. Скиф-сақ хайуанаттар стилінде жасалған заттар табылған,Батыс Қазақстандағы Аралтөбе мен Шығыс Қазақстандағы Берелқорғандары да бүгін әлем жұртшылығына танымал қорғандар. АтақтыБерел қорғандарын алғаш ашқан, қазіргі уақытта аты біраз жерге мәшһүр,Әлкей Марғұлан атындағы ҚР Білім және Ғылым министрлігі Археология институтының бас ғылыми қызметкері Зейнолла Самашев Сергіту сәті: «Таңда да таста» стратегиясы қолданылады. Оқушылар қағазға бүгінгі сабақтың тақырыбына байланысты сөздерді жазып, умаждап бір-біріне лақтырып ойнайды. Содан кейін бір қағазды таңдап алып ішіндегі сөзді оқиды. Сол сөз бүгінгі сабақтың тақырыбына сәйкес келетіндігін анықтайды, мағынасы ашады. Жұптық жұмыс: Диалог құру . (Тілші мен археолог) Сөйлеу дағдысы. Тілші археологқа Берел қорымы бойынша сұрақтар қояды. 1- сұрақ. Қорым дегеніміз не? 2-сұрақ. Берел қорымы қай жерде орналасқан? 3-сұрақ. Берел қорымы қашан табылды? 4-сұрақ. Оны зерттеушілер кімдер? 5-сұрақ. Берел қорымынан табылған құнды заттарды ата? Әр жұпқа әр түрлі сұрақтар беріледі. Диалог жазуға пайдалы сөздер тізбегі: Тайпа,тайпалық бірлестік, абыздар,жауынгерлер,егіншілер мен малшылар Мемлекет,көсем,патша, әскери демократия, археология, оба, қорған,ескерткіш ат әбзелдері Жұптарды қалған оқушылар бағалайды. Смайликтермен бағалайды. Алған білімді нақтылау Постермен жұмыс 1-Зергерлер тобы: Құнды жәдігерлер 1-сұрақ. Берел қорымынан қандай құнды жәдігерлер табылды? 2- Зерттеушілер тобы. Берел қорымы тақырыбына постер құрайды және қорғайды. 1-сұрақ. Жалпы Берел қорымы туралы не айталасыздар? « Хат алмасу» Әрбір топ сабақтың тақырыбына байланысты эссе жазады. Мұғалімнің нұсқауы бойынша екі топ эсселерін алмастырады да бір- брінің эсселерін жалғастырып жазып аяқтайды. Әр топ өзінің хатын кері алады.	3- слайд chttps://www.youtube.com/watch?v=9kdlytQvy6Q лайд 4-слайд 5- слайд. 6-слайд https://www.youtube.com/watch?v=Ovd6VUdmRhY 7-слайд 8-слайд
Сабақтың соңы (7 мин)	«Синквейн» әдісі 1-топ Қорым 2-топ Көсем Осы сөздерге бес жол өлең құрастыртыңыз	
Рефлексия (3 мин)	Кері байланыс: «Тастарды жина» сабақтың басында мұғалім оқушыларға екі-үш тастан таратады. Сабақтың соңында мұғалім оқушылардан қолдарындағы тасты кімге бергісі келетінін сұрайды. Оқушылар қолындағы тасты өдерінің ойынша сабақта белсенділік танытқан оқушыларға табыстайды. Оқушылар өздерінің жасаған таңдауларын дәлелдейді. Мұғалім: Оқушылардың алынған тастарына қарай бағалайды.	